

Э. К. Хасенова

## ДУЛАТ ИСАБЕКОВТИҢ «СҮЙЕКШІ» ПОВЕСІНДЕГІ КЕЙІПКЕР БОЛМЫСЫ

Творчестволық эволюцияның батыл да, еркін жанры — повесть. Әдебиетші Лев Якименконың айтуына қарағанда, роман-эпопея секілді, повесть-эпопея деген жанр үлгісі болмақ. Ғалым пікірін батыл айтқанымен дәлелдеп үлгермей көз жұмды.

Қазақ жазушылары повестерінің зерттелуі төл әдебиеттану ғылымымызда ескерусіз қалған жоқ. 1970-80 жылдарда қазақ әдебиетінде осыған дейін жетекші жанр саналып келген роман өз орнын повесть пен әңгімеге ұсынғандай болды. Себебі, XX ғасырдың соңғы ширегінде қарқындай дамыған ғылыми техникалық революцияның (ФТР), одан бергі ақпарат ағынының әсерінен, қысқалық пен нұсқалық сөз өнеріне де тән бола бастады. Көркем әдебиеттің орнын ақпараттар ағынын тасқындатқан теледидар мен радио баса бастағандықтан, адамдардың, яғни оқырманның уақыты мейлінше азайып кетті. Уақыт пен мезгілдің заңды талабына сәйкес дүниежүзілік әдебиетте повесть жанры алдыңғы қатарға шығып, дәуірінің ең басты проблемаларын қорғауға міндет алды. Жеке бастың (тұлғаның) рухани-адамгершілік әлемі, гуманистік, философиялық, этикалық проблемалары — міне, атан түйеге жүк боларлық осынау аса ауқымды мәселелерге жауап беру, ізденіс сапарына шығу — қазақ повесінің тақырыптық-идеялық ерекшеліктерін көрсетудің басты шарты болды десек қателеспеспіз.

Замана талабы қанша тосқауыл қойғанымен, қазақ қаламгерлері "өткізу үшін шындықты, өтірік қостым ішіне" (Қ.Мырзалиев) дегендей, тұспалдап талай нәрсені жеткізе білді. Ал бұл ұлтымыздың қоғамдық сана, ақыл-ойының кемелденуіне едәуір ықпал еткені даусыз. Жаңаша ойлау процестерін біраз жеделдетіп, оның қанат жайып өрістеуіне, тарихи қажеттілікке айналуына өз повестерімен үлкен үлес қосқан Д.Исабеков те осы кезеңде шағын жанрға қарымды қалам тартты. Осы жылдар ішінде ол "Гауһар тас", "Мазасыз Күндер", "Пері мен періште", "Дермене", "Сүйекші", "Тіршілік", "Біз соғысты көрген жоқпыз" повестерін дүниеге әкелді.

Әдеби дамудың жаңа кезеңінде шығармашылығын бастаған жазушы Д.Исабеков те қаһарманын өзгеше орта мен жағдайдан таңдап алып, кейіпкер бейнелеудің ашылмай жатқан қалтарыстарына көңіл бөлді. Мұны байқаса да, идео-

логияға сай дәстүрлі көзқараспен сараптағандар да, тың ізденіс деп бағалағандар да бар. Ш.Елеу-кенов «Д.Исабековте жақсылық азап шегеді» [1,48] деп таныса, Р.Нұрғалиев «жаншылған тағдыр» [2,154], Б.Ыбырайымов «бейшара жан» [3,94] деп, кеңестік пайыммен сынады. Ал С.Қирабаев, Т.Тоқбергенов т.б. зерттеушілер мұндай бағалауларды суреткердің психологизмді сәтті пайдалануымен байланыстырады. Д.Исабековтің заманға терең зер салуынан туған кейіпкерлері өмірінің өзгеше өрілуінің бір себебі шебер психологиялық мүсіндеуінен деп пайымдайды. 60-70-жылдар жазушыларының ішінен Д.Исабеков туындыларын жан-жақты қарастырып, суреткердің шығармашылық даралығы мәселесін көтерген М.А.Қанафина диссертациялық еңбегінде жазушы шығармаларындағы керемдік тартыстың түрлерін анықтап, замандастар проблемасын зерттеді, композиция құру, психологиялық талдау, тілдік құралдар қолдануын өзіндік стилі деп тұжырымдаса, кейінірек Д.М.Неталиева жазушының повестеріндегі ұлттық мінез сипаттарын талдайды. Қ.М.Хамзина қазақ повестеріндегі көркем уақыт және кеңестік (XX ғ. 70-80 ж.ж.) мәселесін зерделей отырып, осы категория шеңберінде өзге авторлармен бірге Д.Исабеков туындыларындағы адам концепциясын, сюжеттік-композициялық құрылым ерекшеліктерін саралайды. Уақыт пен кеңестік ұғымын жазушы ізденісіндегі ұлттық болмыс ерекшелігімен байланыстырады.

Дулат Исабековтің «Сүйекші» повестінде тек өз заманының ғана емес әр замандағы адам бойындағы ізгілік пен зұлымдық концепциялары сөз болады. Әлем ойшылдары Ф.Кафка мен Ж.Сартрдың жеке тұлғаның өз тағдырына қатыссыздығы және өз өміріне параллель өмір суруі тәрізді идеялары негізінде туды деуге болатындай. Жапандағы жалғыздық, "құдайы жоқ мынау әлемде" (Қ.Мырзалиев) *күнелту* (өмір сүру емес - *күнелту*; не жить а *существовать*) тақырыбы әдебиетімізде бұрыннан-ақ бар. Сөзіміздің дәлелі ретінде М.Әуезовтің "Қорғансыздың күні" әңгімесін алуымызға болады. Сонымен қоса, Ш.Айтматовтың «Боранды бекетіндегі» әлемдік концепцияның тууына себепкер болған *мәңгүрттік* ұғымы заман өте келе тек формасын ғана өзгертіп отырады.

Осындай мәселелердің теориялық және әдіснамалық негізін Қазақстан және шетел ғалым-

дарының көркем әдебиеттегі кейіпкерлер мен образдар көрінісі жайлы жазылған, көркем шығарманы ғылыми-теориялық тұрғыдан талдаған, сондай-ақ Д.Исабеков шығармашылығын зерттеген еңбектер кұрайды. Атап айтқанда, В.Оскоцкий, И.С.Кон, В.Н.Гвоздей, М.Чимпой, Б.Бурсов, Ю.И.Суровцев, А.Мамедова, И.Ғабдиров, М.Дүйсенов, М.Әуезов, М.Базарбаев, Ш.Елеу-кенов, Н.Ғабдуллин, Б.Әлімжанов, С.Қирабаев, Т.Тоқбергенов, С.Асылбекулы, С.Таханов, Б.Ыбырайымов, Қ.Ергөбеков, С.Таханов, Қ.Әбдезұлы, Б.Ыбырайымов, С.Асылбекұлы, Б.Кәрібозұлы, Р.Мұқышева, Д.Неталиева, А.Танжарықова т.б. Д.Исабеков шығармашылығының әр қырына қатысты сын, зерттеулерде ғана сөз болған кейіпкер, ұлттық мінез мәселесі арнайы тақырып ретінде сарапталды және қазіргі қазақ әдебиетіндегі мән-мағынасы, орны анықталды. Шығармаларды талдау арқылы онда кездесетін қазіргі кезеңдегі адами құлдыраудың формалары анықталды. Бұл орайда қазақтың адамтану және адамды бағалау философиясы негізінде жазушы қалыптасқан социалистік реализм әдісіне өзгеше қырынан келіп, кеңестік кеңістіктегі әдебиетке қозғау салуға үлес қосқандығын айта кеткіміз келеді. Ұлттық рух, ұлттық сана турасындағы идеясын ашық немесе емеурінмен білдіре отырып, өз заманының идеологиялық пайымын бұзуға тырысты. Тұрмыстық трагедияларды жаза отырып, кейіпкердің белсене күреспесе де жеңіп отыруын ұлттың жан сырынан, ділінен іздегендігі байқалды. Қазақтың өмір сүру философиясы арқылы ұлттық мінез сипаты сараланып, жазушы концепциясындағы қазақ реализмі танылды. [4,23]

"Сүйекші" - қаламгер шығармашылығындағы, ол ғана емес, ұлттық әдебиеттегі өлі сөз етілмеген тыңға түрен салған туынды болды.

Сүйекші Тұңғыш кім? Ол – ішкі жан-дүниесі тоналған базардай тоз-тозы шыққан, кеудесінде жүрегі соғып тұрғанмен, жаны өлексеге айналған жан. Француз ойшылы Ф.Кафка пәлсапасының негізі – тұлғаның өз өміріне қатыссыздығы (отреченность) идеясы. Орыс ойшылдары мен жазушыларында (әсіресе ХІХ ғ. ІІ жартысында) да "прокаженный" яғни "аластатылған" ұғымы жиі кездеседі. Тұңғыш та өмірге біреудің аяулы перзенті болып іңгәлап келді. Ата-ана мейірімін түйсініп үлгермей жатып, аманатқа калдырылған бала көрінгеннің көзтүрткісіне айналды. Кез-келген адам баласының жүрегінде мейірімнің шуақты нұры құйылып сақталатын құты болады десек, осы құты Тұңғышта жойылып кетті. Жаны қайырым көрмеген пенде рухани тұрғыдан кедейлене келе бір кездерде

"жаны тоналған рухани мешеуге" (Қ.Ергөбек) айналары сөзсіз. Осыдан келе пенденің өзі сүріп отырған өмірге деген немқұрайдылығы, қатыссыздығы шығады.

Тоғыз жасында Аманаттың күйін кешкен Тұңғыш балалықтың бал дәмінің орнына есіктегі иттің басына тілемейтін азап күн кешеді. Зілді зар мен ащы мұң енді Аманатты Кеңкелеске айналдырады. Тәні бар, жаны тірі аруаққа айналғандарды бүгінде ғылым мен парапсихология тілінде *зомбилер* деп атайды. Кеңкелес те сондай. Нұқып айтқан мырзаның бұйрықтарын түгел орындауға әзір, өзі үшін немесе өз жанының рахаты үшін басы да ауырмайды, балтыры да сыздамайды. Кеңкелес боп жүріп ер жеткен Тұңғыш үйленіп, үй болып, жеке түтін түтетуді ойланбайды тіпті. Физиологиялық табиғи дамуы тежелген мұндай сұмдық оқиғаны Ш.Айтматовтың "Боранды бекетіндегі" әлемдік концепцияның тууына себеп еткен *мәңгүрттік* оқиғасынан кездестіруімізге болады. Перзенттік сезімнен тірідей айрылу оқиғасының түбі жоңғарлардың жан түршігерлік жазалау әдісінде жатса, "Сүйекшіде" мұндай жазалау жоқ. Әйтсе де, суреткер айнала ортаңның сенің тағдырыңа деген алаңсыздығы, жеккөрініші әсерінен де мәңгүрітіктің туатынын шебер дәлелдейді. Кеңкелес бейнесіне көз сала отырып, оның бір кездерде анасы мен бауырының өліміне жаны күйіп шырылдай жылағанына тіпті де сене алмайсың. Автор қорытатын философиялық теория да сонда жатыр.

Аманат - Кеңкелес - Диуана - Сүйекші. Бұл – кейіпкер есімінің, атының өзгеруі. Осыны жазушы кейіпкер характерінің өзгеруімен жымдастыра сәтті суреттейді. Кейіпкер жандүниесі өзгерді. Соған орай аты, кәсібі жылқышы, диуана, сүйекші болып өзгерді.

Міне, осы аралықта Тұңғыштың характер өзгерісі ашылып отырады. Характер сапасына қараңыз. Ұрылар қол-аяғын байлап, ат артына бөктеріп, жапан далаға апарып аударып тастап кеткенде ол ешқандай қарсылық көрсеткен жоқ. Итке таланып, ұрыға жем болып диуанашылық етті. Өз тағдыры үшін күрескен жоқ. Көр қазып, сүйекші болды. Өз болашағын ойлау былай тұрсын, тек тәңіріден иман тіледі. Ол болашағы үшін күрескен жоқ. Ол үшін енді күрестің мәні де жоқ еді. Өйткені онда жан алып, жан беріп күресерлік, тырмысарлық болашақ қалмаған болатын. Тұңғышты езіп, оның болашағын тонаған әлеуметтік жағдай. Әлеуметтік жағдай атын жамылған адамдар.

Тұңғыш – санадан қуылып, ұмытылған жан бейнесі. Тұңғыш неге Үндемес атанады? Осы

бір астарлы сұрақ Қомша баласының жан дүниесінің тереңіне бойлатады. Авторлық концепцияны тану қиын. Өйткені характер өзгерісі шебер өріледі, өзгеше өрнектеледі. Дүниеге Тұңғыш есімімен келген сәби ешбір кінәсі де, күнәсі де жоқ болғанмен, өмірдің уын ішеді. Кінәлі – қоғам, күнәлі – Үкітай мен қасындағы жолдас жігіттері. Сыншы Қ.Ергөбеков айтқан «тұңғыштар тағдырының әлеуметтік шындығы» [4,218] да осыларда.

Повестте қылмыс пен тәртіп, теңсіздік пен кісілік қатар қойылады. Кейіпкерлер психологиясына барлау жасау арқылы автор бүгінгі өміріміздің шытырман да түйткілді түйіндерін шешеді. Дегенмен, осы мақсатта бейнелеген «бай баласының құдыққа құлап өлуі, Сүйекші шешесінің суықта қатып қалуы - жазушының осы секілді шамадан асып кеткен, дәлелдәйексіз үрейлі, қорқынышты ситуацияларға тым әуестігін құптауға болмайды» [2,154] деген Р.Нұрғалив пікірі орынды деп ойлаймыз. Ал Б.Ыбырайымов мұндай ойға басқаша уәж айтады: «Сүйекші» повесіндегі ойлы, мұнды сарын кешегі өткен әлеуметтік теңсіздік заманына соны қырынан үңілуден туған» [3,94] Жалпы алғанда, повесть мазмұны мұны әбден дәлелдейді. Автор әлеуметтік жікке бөлінген кезеңнің әлдісі мен әлсізінің жай-жапсарын емес, түгел қазақтың зарын айтқан. «Бір адамның емес, бұл шығарма тұтас бір халықтың рухани сорлауының прототипі емес пе екен деп секем аласыз» [5,14]. Құл иеленушілік қоғамды бастан кешірмесе де, құлдық философиясының қазаққа қандай жапа шектіргенін мәлім еткен. Бірақ біздің айтарымыз - Тұңғыштың тірлігімен бар сананы сілкіндіремін деп оқиғаға трагизм элементтерін қоса беру артық. Жоғарыдағыдай сыншылардың дәрменсіз, бейшара кейіпкер деп тануына бұл да өз кезегінде әсер етуі мүмкін.

Табанды күресті талап етпей-ақ қоялық, Тұңғыш ең болмаса өз тағдыры үшін неге тырбанбайды? Неге күрес нышанын көрсетпейді?— деп те жазушымен таласуға болар еді. Бірақ, ол күдіктің баршасы сырт қарағанда ғана. Авторлық мақсат, характер өзегімен қарағанда райдан тез қайтасың.

Дегенмен шығарманың орта шеніне дейін Тұңғыш өз тағдыры үшін күрес нышанын көрсетеді. Ол ат құйрығына байлануға қарсы.— «Көке... кекетай... Не істемексіз мені? Байламаңызшы, жалынамын, айтқаныңыздың бәрін істеймін...»—деп шырылдайды Аманат бала.

Қабантауға көшуге ықырар емес. «—Ағатай... енді апам қайтіп табады мені?...»— дейді ол. Әлі анаға деген перзенттік сезімі жойылмаған. Ана-

сына: «—Қалмаймын, қалмаймын. Үйге алып кетші, апатай»—деп сәби көңілден өтініп жүр.

Кек кернеген сәтте Үкітайға қарсы шықты. «— Сойып жедім. Түгел, бәрін, бірін қалдырмай.— Кеңкелестің түсі бұзылып оған жақындай берді. Ашудан жарылып кетердей боп тартып жібергелі қамшысын көтере берген Үкітай оның кісі жерлік мына түрінен шошып, кейін ығыса берді»,— деген сцена оның да бойында титтей де болса күрес нышанын көрсетеді.

Бір ғана Тұңғыштың аз ғана ғұмырында көрген азабы мен мазағы, қан жылаған қайғысы мен уайымы, жеңілістен тұратын жалмауыз тағдырын осы есімдерінен-ақ аңғаруға болатындай. Нәпақасын диуаналықтан тауып, "жаны тыныш жұмыс" деп көр қазушыға айналуын бейнелеу - повестің өмірдің қатыгез ақиқатын тап басып көрсетеді.

Тұңғышқа өмірінің соңында Өмекейдін келіп, Үкітайдың сәлемін жеткізуі – Аманат баланың әкесі Қомшаның кінәсіз екендігін мойындау еді. Бір сәттік ет қызуымен айтылған өтірігінің бейбақ баланың бүкіл өмірін адам сенбестей айғыздап, өзгертіп жіберерін Өмекей қайдан біліпті? Осы бір ауыз өтірігі үшін өмір бойы өкініп өтерін білгенде бір адамның ғұмыры мүлде басқа арнада дамыр еді. Шындықтың жарыққа шығуы деген – осы.

Әдеби кейіпкер – көп қырлы, күрделі құбылыс. Өзінің әлеумет, табиғат, басқа адамдармен қарым-қатынаста екі түрге ие: ішкі және сыртқы. Ол екі жолмен жүреді: интровертирлік және экстравертирлік. Интроверзия аспектісінде кейіпкер – «алдын-ала ойланатын» (К.Г. Юнгтың шешендік терминологиясын қолдансақ) Прометей, ал экстраверзия аспектісінде «ойланбастан орындап алып, сосын ғана ойланатын» Эпитемей.

«Сүйекші» повесіндегі бұлар баламды оқытсам деген Қомша мен шындықты айтуға тайсалған Өмекей образдары.

Десек те, Тұңғыш - даралана жасалған шынайы образ. Өз өмірін өзгерте алмады деп оған өкпелей алмайсың, тағдырын текпіге ұшыратқан өзгелерге кінә артуға тура келеді. Жазушының шеберлігі де сол болса керек, елде жоқ көр қазушы кәсібін меңгерген, естігенде тәнің түршігетін Сүйекші атауып иемденген Тұңғыштан - асылдың сынығындай, жаныңды суырып беруге дайын тұратын сенімді бейне туғызуы. Автор осынау повесі арқылы әсемдік пен сұлулыққа құштарлық жоғалған жерде адамның адамдығы қоса құрбан болатынын шебер дәлелдейді.

1. Елеукенов Ш. Зымыран дәуір қаһарманы. Кітапта: Уақыт және қаламгер.Әдеби сын. - Алматы: Жазушы, 1976. 4-кітап. - 296 б.

2. Нұрғалиев Р. Өнердің эстетикалық нысанасы (Көркемдік дамудағы дәстүр мен жалғастық). - Алматы: Мектеп, 1979. -192б.

3. Ыбырайымов Б. Көркемдік көкжиегі. - Алматы: Жазушы, 1981. 261 б.

4. Ергөбеков Қ. Баянғұмыр (сын мақалалар). – Алматы: Жазушы, 1991.-232б.

5. Елубай С. Д.Исабеков // Парасат. - 1992.- №10. 14б.

6. Бекниязов Т.Б. Герой и проблема нравственности в

современной казахской повести. автореф.к.филол.н. Алматы, 1992.-24 с.

7. Қабдолов З. Арна. А., «Жазушы». 1988.

\* \* \*

Автор в статье пытается рассмотреть проблематику индивидуума и художественное своеобразие повести «Сүйекші» Д.Исабекова.

\* \* \*

The autor in article tries to consider a problematics of an individual and art originality of the story of D.Isabekov «Suekshi».